

"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 32 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) 2011 жылы «2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына сәйкес 023 «Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ын несиелеу» бағдарламасы бойынша 78000000000 (жетпіс сегіз миллиард) теңге сомасында бюджеттік кредит (бұдан әрі - к р е д и т) б е р і л с і н .

1. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай шарттары айқындалсын:

1) кредит берудің мақсаты агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөнінде іс-шаралар жүргізу болып табылады;

2) кредит қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен 2011 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) пайызға тең сыйақы ставкасы бойынша беріледі;

3) кредит агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөнінде іс-шаралар жүргізу мақсатында қарыз нысанындағы қаражатты кейіннен қарыз алушының еншілес акционерлік қоғамдарына беру үшін ғана пайдаланылады;

4) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнің аяғында бір мезгілде жүзеге асырады;

5) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу негізгі борышты өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылады;

6) қарыз алушының кредитті игеру кезеңі әкімші Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі қарыз алушының шотына қаражатты аударған күнінен басталып, 2010 жылғы 1 қарашада аяқталады;

7) қарыз алушы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және қарыз алушы кредит шартының тараптары болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 3-тармағында көрсетілген кредит шартын жасауды;

2) кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау мен мониторингін, өтелуі мен оған қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ